

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да
2024 жылдың екінші тоқсанында
өткізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері**

I. Кіріспе бөлім

1. **Қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы:** «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі-Қоғам).

2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті** Комплаенс-қызмет басшысы Жакаева Асель Сейтжановна, Бас комплаенс-бақылаушы Туменбаев Бакытжан Маралбекович жүргізді.

Жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56, Ішкі нөмірі 155.

3. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:** 2024 жылғы 20-28 маусым аралығында.

4. **Бақыланған кезең:** 2024 жылғы 1 сәуірден 28 маусымға дейін.

II. Ақпараттық-талдау бөлімі

Тексерулер жүргізу

Мемлекеттік органдар тарапынан қоғамға қатысты бақыланатын кезеңде тексерулер немесе аудит жүргізілмеген.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 7 ақпаннан 29 сәуірге дейінгі кезеңде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тексеру тобы 2021 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі заңнамасының сақталуына жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша Қоғамның атына Қоғамды тексеру актісі ұсынылғанын атап өткен жөн.

Қоғамды ревизиялаудың қалыптастырылған актісінің нәтижелері бойынша 2024 жылғы 12 маусымдағы қоғамды ревизиялау актісін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (№29/24 хаттама) бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдалану жағдайлары туралы өтініштер мен жарияланымдар

Бақыланған кезеңде Қоғамға жазбаша өтініштер және «Senim» 8 (7172) 55 44 70 сенім телефонына, сондай-ақ senim@kazakhexport.kz сенім электронды поштасына Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі қызметті теріс пайдалану немесе сыбайлас жемқорлық көріністері туралы, сондай-ақ олардың тарапынан алаяқтық әрекеттер жағдайлары туралы мәліметтерді қамтитын өтініштер түскен жоқ.

Мерзімді баспасөз, телевизиялық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), сондай-ақ әлеуметтік желілерде қоғамдағы алаяқтық жағдайлары, оның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасындағы сыбайлас

жемқорлық көріністері мен лауазымдық теріс пайдалану туралы мәліметтер туралы жарияланымдар, мақалалар, жазбалар болған жоқ.

Қоғам туралы және оның әлеуметтік желілер мен БАҚ-тағы қызметі туралы жазбалардың жалпы саны ағымдағы жылдың 2-тоқсанында 1022 сілтемені құрады.

Оның ішінде: Қоғам туралы 574 жазба оң сипатта болды;

400 бейтарап сипатта болды.

Теріс пікірдегі сипатта болған жарияланым саны 24.

Мониторинг барысында «ҚАЗЭКСПОРТ» ЖШҚ туралы БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жарияланған материалдарға теріс пікірдегі сипатта 20 сілтеме жасалғаны анықталды, мониторинг жүйесі оларды Қоғамға қатысы бар деп қате жіктеген, бірақ іс жүзінде Қоғамға ешқандай қатысы жоқ болып шықты.

Теріс сипатты деп саналған 4 жарияланым Қазақстан Республикасы Мәжілісі депутатының Қазақстан Республикасында ірі компанияларды, олардың арасында Қоғамның клиенттерін басым қолдауды көздейтін өнеркәсіптік саясатты сынай отырып айтқан дәйексөздеріне қатысты болған. Бұл ретте аталған материалдарда қоғамның іс-әрекетіндегі сыбайлас жемқорлық факторларын көрсететін ақпарат жоқ, сонымен бірге Ақпарат және коммуникациялар департаменті тарапынан бұл ақпарат Жалғыз акционерге және Басқарма мүшелеріне уақтылы жеткізілді.

Құқықтық статистика органдарының, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтері

Жүргізіліп жатқан мониторинг шеңберінде ағымдағы жылдың екінші тоқсанында Құқықтық қамтамасыз ету және Сақтандыру және кепілдік төлемдер департаменттерінің қызметкерлері жүргізіп жатқан шағым-талап жұмыстары бойынша құжаттар, ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), ҚР Жоғарғы Сотының, ҚР Бас прокуратурасының арнайы есеп және құқықтық статистика комитетінің ресми Интернет-ресурстары, «Компра» ақпараттық-анықтамалық сервисінің деректері зерделенді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық істер қозғау және қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайларын анықтаған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс қозғау фактілері болған жоқ.

Қоғамның, оның қызметкерлері мен лауазымды адамдарының қатысуымен қылмыстық және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот талқылаулары болған жоқ.

Біріккен Ұлттар ұйымы, Еуразиялық даму банкі, Дүниежүзілік Банк, Transparency International (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас

жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (халықаралық ұйым-Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі шараларды әзірлеу жөніндегі топ) сияқты халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың интернет – ресурстарында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың көріністері туралы немесе оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруы туралы деректер тіркелмеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтау

Мониторинг барысында басқарма мүшелері қатарындағы лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау жағдайлары болмаған.

Белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау фактілері анықталмаған: Басқарма мүшелері мен Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан банктерде шоттары мен салымдарының болуы, Қоғамның клиенттермен және қызметтерді (тауарларды) жеткізушілермен жасасатын мәмілелерінің жобаларын қарау кезінде жеке мүдделерін алға тарту, Қоғамда жақын туыстары мен жекжаттарының бірлескен жұмысы, құпия мәліметтерді жеке мақсатта пайдалану және жария ету туралы ескертулер мен мәліметтер анықталған жоқ.

Қоғам штатына сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды қызметкерлер ретінде қабылдау жағдайлары болған жоқ, бұл ҚР Бас прокуратурасының Арнайы есеп және құқықтық статистика жөніндегі комитетінің аумақтық органдары қызметкерлердің Адам ресурстарын басқару департаменті қалыптастырған электрондық жеке істерінде берген тиісті анықтамалардың болуымен расталады.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу

Бақыланған кезеңде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысы жағдайларының туындамауы байқалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Ағымдағы жылдың 2-тоқсанында Қоғам қызметкерлеріне онлайн-оқыту арқылы 2024 жылғы 14 мамырда «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметкерлерін және қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы ақпаратты хабарлайтын адамдарды қорғауды және қудалаудың болмауын қамтамасыз ету кепілдіктері туралы» тақырыбында оқыту өткізілді, оның шеңберінде Қоғам қызметкерлеріне қоғамның ішкі нормативтік

құжаттарында қудалаудың болмау кепілдіктерін қоса алғанда, бұзушылықтар туралы хабарлайтын адамдарға қатысты қорғауды қамтамасыз ету шаралары, қызметкерлерді қудалау жағдайларының мысалдары, қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы хабарлау тәсілдері, сондай-ақ ЭБДҰ ұсынымдарына сәйкес парасаттылық институты туралы ақпарат жеткізілді.

Комплаенс-қызмет қызметкерлері 2024 жылғы 24 сәуірде «Парасаттылық бойынша шолу» жобасын іске асыру шеңберінде ЭБДҰ сарапшыларының қатысуымен «Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» тақырыбында оқыту семинарына да қатысқанын атап өткен жөн.

III. Қорытынды бөлім

Қорытындылар:

Бақыланған кезеңде Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды адамдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың расталған жағдайлары жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталды.

Комплаенс-қызметінің басшысы А. Жакаева

Бас комплаенс-бақылаушы Б. Туменбаев